

"Бір тараптан Қазақстан Республикасы және екінші тараптан Еуропалық Қоғамдастықтар мен оларға мүше мемлекеттер арасындағы Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімге (ӘЫК) тоқыма саудасы жөніндегі екі жақты келісімнің қолданылу мерзімінің аяқталуын ескере отырып, тоқыманың екі жақты саудасына ӘЫК ережелерінің қолданылуын таратуға қатысты хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 12 қыркүйектегі N 848 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Бір тараптан Қазақстан Республикасы және екінші тараптан Еуропалық Қоғамдастықтар мен оларға мүше мемлекеттер арасындағы Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімге (ӘЫК) тоқыма саудасы жөніндегі екі жақты келісімнің қолданылу мерзімінің аяқталуын ескере отырып, тоқыманың екі жақты саудасына ӘЫК ережелерінің қолданылуын таратуға қатысты хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің ЖАРЛЫҒЫ

Бір тараптан Қазақстан Республикасы және екінші тараптан Еуропалық Қоғамдастықтар мен оларға мүше мемлекеттер арасындағы Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімге (ӘЫК) тоқыма саудасы жөніндегі екі жақты келісімнің қолданылу мерзімінің аяқталуын ескере отырып, тоқыманың екі жақты саудасына ӘЫК ережелерінің қолданылуын таратуға қатысты хаттамаға қол қою туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қоса беріліп отырған бір тараптан Қазақстан Республикасы және екінші тараптан Еуропалық Қоғамдастықтар мен оларға мүше мемлекеттер арасындағы Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімге (ӘЫК) тоқыма саудасы жөніндегі екі жақты келісімнің қолданылу мерзімінің аяқталуын ескере отырып, тоқыманың екі жақты саудасына ӘЫК ережелерінің қолданылуын таратуға қатысты хаттаманың жобасы **ма қ ұ л д а н с ы н .**

Хаттама ӘЫК-нің ажырамас бөлігін құрайды.

3-бап

Осы хаттама Тараптар бір-біріне осыған қажетті мемлекетішілік рәсімдердің аяқталғаны туралы хабардар еткен күннен кейінгі айдың бірінші күні күшіне енеді.

4-бап

Осы хаттама қазақ, орыс, болгар, чех, дат, нидерланд, ағылшын, эстон, фин, француз, неміс, грек, венгр, итальян, латыш, литван, мальта, поляк, португал, румын, словак, словен, испан және швед тілдерінде екі данада жасалды, бұлардың әрқайсысы теңтүпнұсқа мәтіндер болып табылады.

200_ жылғы " __ " _____ Брюссель қаласында жасалды.

Қазақстан Республикасы
үшін

Еуропалық Қоғамдастық

үшін